

Тауар биржалары арқылы өткізілетін биржалық тауарлардың тізбесін және ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 375 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Тауар биржалары туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 мамырдағы Заңының 3-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған тауар биржалары арқылы өткізілетін биржалық тауарлардың тізбесі және ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшері бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыздағы № 1245 және № 1253 қаулыларының күшін тоқтата тұру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 тамыздағы № 1316 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбында және 1-тармақта:

«қаулыларының» деген сөз «қаулысының» деген сөзбен ауыстырылсын; «және № 1253», «және «Қазақстан Республикасында биржалық қызметті дамыту жөніндегі шаралар туралы» № 1253» деген сөздер алынып тасталсын.

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Орталық атқарушы органдар осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 6 сәуірдегі
№ 375 қаулысымен
бекітілген

Тауар биржалары арқылы өткізілетін биржалық тауарлардың тізбесі және ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшері

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.31 № 1739, 2012.06.27 № 857 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

№	Тауардың қысқаша атауы	КО СЭҚ ТН коды	Партияның ең аз мөлшері
1	2	3	4
1.	Жаңадан піскен және тоңазытылған картоп: өзгесі	0701 90 900 0	60 тонна
2.	Бидай және меслин: өзге де спельта, жұмсақ бидай және меслин: өзгелері**	1001 91 900 0, 1001 99 000 0	600 тонна
3.	Арпа: өзгесі**	1003 90 000 0	600 тонна
4.	Ұсатылған немесе ұсатылмаған соя бұршаққаптары: өзгелері	1201 90 000 0	600 тонна
5.	Ақ қант	1701 99 100	60 тонна
6.	Боялмаған немесе боялған, дайын немесе күйдірілген цемент тасы нысанында портландцемент, глиноземдік цемент, қож цемент, суперсульфатты цемент және ұқсас гидравликалық цементтер	2523	60 тонна
7.	Таскөмір; таскөмірден алынған кесекшелер, шекемтастар және қатты отынның ұқсас түрлері*	2701	3 000 тонна
8.	Гагаттан басқа, агломерацияланған немесе агломерацияланбаған лигнит, немесе құба көмір*	2702	3 000 тонна
9.	Мұнайлы газдар және өзге де газ тәріздес көмірсулары: сұйытылған: пропан	2711 12	100 тонна
10.	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.06.27 № 857 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.		
11.	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.06.27 № 857 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.		
12.	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.06.27 № 857 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.		

*- 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап коммуналдық заңды тұлғалар сатып алу үшін ;

** - көрсетілген тізбе астықтың мемлекеттік ресурсына қолданылмайды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

б

с ә у і р д е г і

№

3 7 5

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі № 1035 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 мамырдағы № 600 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 21, 184-құжат).

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы № 1031 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 57-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 35, 327-құжат).

3. «Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссияның құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі № 570 қаулысы .

4. «Қазақстан Республикасында биржалық қызметті дамыту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыздағы № 1 2 5 3 қаулысы .

5. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 28 шілдедегі № 1035 және 2004 жылғы 29 қаңтардағы № 100 қаулыларына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 шілдедегі № 646 қаулысының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 наурыздағы № 307 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 13, 168-құжат).